

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир"  
телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 Қаулысы.

**Ескерту. Мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.13. N 491 қаулысымен.**

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Мәдениет" деген сөз "Байланыс" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.26 № 1112 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Мемлекетаралық "Мир" телерадиокорпорациясының жұмысын үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.**

2. Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының 1997 жылғы 5 қыркүйектегі жарғысына сәйкес Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің төрағасы енгізілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қазақстан Республикасының Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының жалпы жиналысындағы өкілетті өкілі болып бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.**

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.20 N 364 Қаулысымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.06.17 N 663 Қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.**

7. "Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 533 қаулысының 4, 5, 6 және 7-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 24, 298-күжат) күші жойылған деп танылсын.

**Ескерту. Қаулыға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.06.29. N 710 қаулысымен .**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК